

Биологияны оқытудағы ойын технологиялары

ЕСИРКЕПОВА АКАЛТЫН АМАНБАЕВНА
Биология пәні мұғалімі

Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«Нұртас Оңдасынов атындағы
№ 5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Ақтау– 2025

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде дүние жүзі қауымдастығының алдында тұрған келелі мәселелердің бірі – адамзаттың тіршілік ортасының нашарлауы. Бұл мәселе барлық елдерді толғандыруда. Мұны шешудің бірден-бір жолы экологиялық білім беріп, жеке тұлғаны қалыптастыру екенін көптеген ғалымдар өз еңбектерінде айтқан.

Экологиялық білім беру дегеніміз – адамзат қауымының, қоғамның, қазіргі табиғаттың және қоршаған ортаның үйлесімділігінің ең тиімді жолдарын ұрпаққа түсіндіру. Экологиялық тәрбие берудің мақсаты-жеке тұлғаның экологиялық санасын, мінез-құлқын, мәдениетін барынша жоғары деңгейде қалыптастыру. Жеке тұлғада бұл қасиеттер жеке-дара қалыптаспайды, керісінше білім мен тәрбие беру үрдісіне бір-біріне егіз сияқты қатарласа жүріп отырады.

Бастауыш сыныптарда балалар экологиялық мәселелерді дүниетану пәнінде өсімдіктермен, жануарлармен және табиғат объектілермен танысу кезінде кездестіреді. 5-7 сыныптарда жаратылыстану пәндері арқылы алған негізгі білімі ғылымның әр саласын тереңірек игеруге мүмкіндік береді. 8,9 сыныптарда табиғатта жүретін, күнделікті тұрмыста кездесетін химиялық құбылыстармен танысады. 10,11 сыныптарда оқушылардың білімдері тереңдетіледі.

Адам өмірінде химия кең көлемде пайдаланатынына олардың көздері жетеді. Осыдан барып химиялық заттарды дұрыс пайдалана білу қажеттілігі туындайды.

Экологияны оқыту барысында мұғалім бейорганикалық және органикалық дүниенің байланысын, адамның іс-әрекеттерінің қоршаған ортаға әсері көрсетуі, оның негізінде экологиялық мәдениетін қалыптастыру, ғылым мен техниканың әсерін және табиғатта болып жатқан құбылыстардың нәтижесінде пайда болған заттардың тірі ағзаға тигізетін зиянды әсерін оқытып үйрету, сол зиянды болдырмау жолдарын түсіндіріп, салауатты өмір сүруге бет бұрғызу қажет.

Экологиялық тәрбие беруді келесі әдіс-тәсілдермен жүзеге асыруға болады:

- биология сабақтарында экологиялық мазмұны бар есептер шығару;
- практикалық жұмыстарда, өндірістік сипаты бар тақырыптарды оқытқанда;
- биология сабақтарында тақырыпқа байланысты экология сұрақтарына 5-10 минут уақыт арқылы да жүзеге асыруға болады;

«Қазақстанда табиғатты тиімді пайдалану жолдары» тақырыбында сабақтың тәрбиелік мақсаттарын қою қиындық туғызуы мүмкін.

Осы тақырыпқа мынадай тәрбиелік мақсат қоюға болады:

- адам денсаулығы-қоғамдық құндылық ретінде бағалануын түсіндіру;
- өсімдіктерді қоршаған ортаның құндылығы ретінде бағалануын түсіндіру;
- өсімдіктердің қоршаған ортаның жағдайын жақсартудағы рөлін бағалау;

Тәрбиелік мақсатқа жету-экологиялық мәдениетінің және табиғатты қорғау іс-әрекетінде танымдық ықыластарының қалыптасуына ықпал етеді.

Тақырыпты оқытқанда оқушылардың дүниетану,биология,жаратылстану пәндерінен алған білімдерін кеңінен пайдалану керек.

Биосфераның біртұтастылығы,ғаламшардың тірі және өлі заттарының өзара байланысы ұғымдарының мәндерін ашу маңызды.

Негізгі үрдістері – фотосинтезбен дем алу,оттектің табиғаттағы айналымы биогеохимиялық үрдіс деп те қаралады.

Атақты педагог В.А.Сухомлинский бала жанына табиғаттың жақын екендігін және олардың сан алуан табиғат сырына құштар екендігін байқаған,әрі табиғат арқылы тәрбиелеу оның педагогикалық жұмысының негізі болған.

Ол «табиғаттың әдемілігі, адам жанын тәрбиелеуде үлкен орын алады»-деп атап көрсеткен.

Мектеп оқушыларына экологиялық тәрбие беру міндеттері тек сабақта ғана шешілмейді. Сонымен қатар сабақтан тыс жүргізілетін жұмыстар кезінде де іске асады.Оқу мен сыныптан тыс жүргізілетін экологиялық тәрбие жұмысы бір-бірімен тығыз байланыста болу керек.

Оқушылардың табиғатты қорғау білімдерін алуында және табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор.

Сыныптан тыс жұмыстар жеке және топтық болып екіге түрге бөлінеді. Сыныптан тыс жұмыстардың жеке түрінде әрбір оқушыға жеке-жеке тапсырмалар беріледі.Жеке тапсырмаларды орындағаннан кейін топтық сыныптан тыс жұмыстар жүргізу жүзеге асырылады.

Оқушыларға экологиялық мәдениетті қалыптастыруға көңіл бөлу керек.

Ол үшін экологиялық мәдениетті психологиялық тұрғыдан шешу тиімді.Оның құрамдас бөлігі-экологиялық білім және экологиялық тәрбие.Оқушыны экологиялық мәдениетке тәрбиелеу үшін әр мұғалім қазіргі ғылыми-техникалық процесс кезіндегі экологиялық процестерді түсінуі керек.

Келешек ұрпақты экологиялық апаттан сақтаудың бірден-бір жолы әрбір адамды табиғатты қорғау жұмысына баулу.

БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ БАР ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Ғылыми-техникалық прогрестің жедел даму барысында, қоғам мен табиғаттың қарым-қатынас мәселе сіндегі күрделі шиеленістерді дұрыс шеше білу, бүкіл жер шарының болашағын, әрбір азаматтың өмірін сақтауға мүмкіндік туады. Өйткені, өндірістің дамуы барысында табиғи қорлардың дағдарысқа ұшырауына, қоршаған табиғи ортаның ластануына себепші болып, жаңа дағдарыстардың туындауына ұйытқы болды.

Табиғат әлемі адамдардың тіршілік ету ортасы. Ал, адамдар табиғатсыз өмір сүре алмайды. Соңғы жылдардағы мемлекеттік жоспарларды орындау, өндірісті өркендету негізгі міндет болып, табиғатты (ауаны, суды, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін) қорғап, ядролық жарылыстар, табиғат байлықтарын орынсыз пайдалану, табиғатты ауруға ұшыратты. Жұтатын ауамыз, ішетін суымыз, жейтін тамағымыздың құрамында улы заттар көбейді. Заводтардан шығатын қалдықтар сүзгіден дұрыс өткізбестен ауаға таралып, осының нәтижесінде өкпе, рак, жүрек, психикалық аурулар саны көбейіп барады. Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, аурулардың 80-90% ішетін ас суынан және жұтатын ауадан туындап отырғаны көрінеді.

Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әлеуметтік қатынастарының артуын қамтамасыз ету мақсатымен, Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2030» атты өз халқына жолдауында адамдардың денсаулығын жақсарту, ауруларды болдырмау және салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін экологиялық проблемаларды шешу қажеттігі аталып айтылған. Президенттің жолдауында: «Экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің 20%-ке себеп болып отыр, ол кейбір аймақтарда жағдайы мұнан да қиын, отандастарымыздың үштен бірі сапасыз тамақтанбау да теріс демографиялық салдарға әкеп соғады; - деді.

Озон қабатының жұқаруы, улы тұзды жаңбырлардың жаууы, химиялық заттармен ластануы – адамның іс-әрекетінен жасалған қасірет болып табылады. Табиғаттың осындай күйге ұшырап, еліміздің көптеген жерлерінің апат аймағына айналуының бір себебі – экологиялық білім мен тәрбиенің төмендігі.

Ғылыми- техникалық прогрестің өркендеуі, адамдардың шаруашылық іс- әрекетінің дамуы артып, өндірістің өсуіне қарай табиғаттан алынатын шикізат пен өндіріс қалдықтарының көлемі артып, айналадағы ортаны бүлдіруде. Қазіргі кезде табиғат пен адам арасындағы қарым- қатынасты дұрыс жолға қойып, табиғат байлықтарын, көздің қарашығындай сақтап, оны үнемдеп пайдалануда.

Соңғы XX ғасырдың екінші жартысында адам баласынан алдынан шыққан, табиғатты қорғау мәселесі, жастарды соған сай оқыту мен тәрбиелеудің қажеттілігі туып, экологиялық мәселелер қазір әлемде өзінің қоғамдық мәні жоғалған алдыңғы қатардағы мәселенің біріне айналды. Сондықтан жас ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру бүгінгі күн тәртібіндегі бірден-бір қажетті кезек күттірмес екендігі 1991 жылғы

« Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері тұжырымдамасында» және 1992 жылғы «Қазақстан Республикасының білім беру туралы» заңында, 1996 жылғы « Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздігінің тұжырымдамасында» көрсетілген. Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-шы бабы жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттің меншігі екендігі, олардың мемлекет қорғауында болатындығын мәлімдейді, осы конституцияның 38 - ші бабы Қазақстан Республикасының азаматтарына табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндеттейді.

Қазақстан Республикасының « Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңының 89 бабының әрқайсысы еліміздің болашағын экологиялық жағынан қамтамасыз ету шараларына арналады. Заңда басқа салалармен қатар педагогикалық жағынан шешілуі тиісті міндеттер белгіленіп, экологиялық тәрбие мен білім берудің жалпыға бірдей және үздіксіз жүргізілу қажеттілігі көрсетіледі.

Өйткені табиғатты аялау, соның негізінде имандылыққа, ізгілікке баулу бала тәрбиесіндегі ұлттық тамырдан нәр алады, яғни, экологиялық ой- тұжырымдар баланың қоршаған табиғат ортасымен және өмір сүріп отырған қоғамындағы қалыптасқан ғылыми ұғым түсініктерімен байланыстырса, соғұрлым өз туған жерін, елін қорғауға тәрбиелейтіндігін ашып көрсеткен.

Табиғат арқылы балалардың имандылық сезімдерінің алғашқы нышандарын педагогикалық құндылығын қалыптастыру жайлы Коменский ескерткен.

Табиғаттың сұлу көріністері арқылы жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерін табиғатты қорғау, сүю сезімдерін тәрбиелеу туралы қазақ халқының ағартушылары мен зиялы қоғам қайраткерлері Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев еңбектерінде көп көңіл бөлінген. Ұлы Абай өз өлеңінде табиғат пен адам өмірін, тіршілігін, ажырамайтын, бөліп қарастыруға келмейтін біртұтас дүние ретінде қарастырған.

Белгілі педагог-психолог Жүсіпбек Аймауытов балаға ең қымбат, ең жақын туған жері, туған жерінің табиғаты, оның құбылыстарын білу өте қызық. Мұндай оқыту жүйесі өмірге, табиғатқа теңеу мазмұнының берік, баланың санасын жандандырып, төңіректегі әлемге терең көзбен қарауға үйретеді. Ғылыми-техникалық прогрестің өркендеуі адамдардың табиғатқа жасаған бір жақты қарым-қатынасымен табиғат заңдылықтарымен сипаттайды, салдарынан, табиғаттың экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы, экологиялық дағдарыстың болу себептерін Е. Мамбетқазиев, Е. Қонақбаев, Ю. Жданов т.б. өз еңбектерінде атап өткен.

Экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі жөнінде Ә. Е. Бейсенова, Ә. Бірмағамбетов, Х. Жүнісова, Ж. Б. Шілдебаев т.б. еңбектерінде жазылған.

Табиғат қорғауға байланысты конференциялар ұйымдастырылып шығарылды. Алғашқы рет мектептер мен орта арнаулы жоғарғы оқу орындары үшін эколог мамандар дайындау туралы тұжырымдама жасалынды. Осының нәтижеінде Алматы, Өскемен, Шымкент, Семей, Атырау, Ақтау университетінде экологиядан мамандар дайындайтын бөлімдер ашылды.

Елімізде тұңғыш рет (1987 жылы) эколог мамандар дайындау мәселесін көтеріп, экологиялық білім мен тәрбие берудің тұжырымдамасын жасаған географ-ғалым Ә. С. Бейсеновның еңбегі айрықша болды.